

**«ҚАРАҒАНДЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



-Ректор
Жаутиков
_____ 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ

СМЖ П 4-14-1 – 2025

Тірк. № 599

Дана. № 1

Теміртау

Алғы сөз

- 1 **ДАЙЫНДАЛҒАН** жұмыс тобы тарапынан
Жұмыс тобының жетекшісі – Сивякова Г.А.
- 2 **ЕНГІЗІЛГЕН** стратегиялық даму бөлімі.
Стратегиялық даму бөлімінің маманы – Бейбитхан Н.
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН** «ҚарИУ» КЕАҚ Басқарма
Төрағасы – Ректорының Ғылыми кеңес шешімінің негізінде, хаттама
бойынша № 1 от «10» 09 2025 г.
- 4 **ДАЙЫНДАЛҒАН:** Сивякова Г.А.
Попова Н.Е.
- 5 **САРАПШЫ:** Гельманова З.С.
- 6 **ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ** 3 жыл
- 7 **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ** СМЖ П 4-14-1 – 2022

Осы ереже "Қарағанды индустриялық университеті" КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Мазмұны

1 Қолдану ауқымы	4
2 Белгілеулер мен қысқартулар	4
3 Міндеттері мен өкілеттіліктері	5
4 Студенттік Парламенттің қызметінің негізгі қағидалары	5
5 Студенттік Парламенттің құзыреті	6
6 Студенттік Парламентті сайлау тәртібі және басқару құрылымы	6
7 Студенттік Парламенттің құқықтары	7
8 Студенттік Парламенттің міндеттері	8
9 Студенттік Парламенттің жауапкершілігі	10
10 Университеттің басқа бөлімшелерімен өзара қатынастар	10
11 Студенттік Парламентті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі	10
12 Қаржыландыру	11
13 Өзгерістер енгізу тәртібі	11
14 Келісу, сақтау және тарату	11
Қосымша А. Студенттік Парламенттің ұйымдық құрылымы	13
Қосымша Б. Келісу парағы	14
Қосымша В. Танысу парағы	15
Қосымша Г. Өзгерістерді тіркеу парағы	16
Қосымша Д. Белгіленген мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	17

1 Жалпы ережелер

1.1 Студенттік Парламент (бұдан әрі – СП) «Қарағанды индустриялық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – ҚарИУ) студенттік өзін-өзі басқарудың өкілетті органы болып табылады.

1.2 СП өз қызметінде өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық қағидаттарын басшылыққа алады. Оның негізгі мақсаты — білім алушыларды ҚарИУ басқару үдерістеріне тарту, білім беру, ғылыми, тәрбиелік және әлеуметтік жұмыстардың сапасын арттыруға жәрдемдесу, студенттер арасында сапа мен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру.

1.3 СП өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңына және т.б., жоғарғы органдар мен инстанциялардың шешімдеріне, Ғылыми кеңес пен ҚарИУ әкімшілігінің актілеріне, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.4 СП өз құрылымын дербес анықтайды және қызметін ұйымдастырады:

- жиналыстарды, сессияларды шақырады;
- президиумды, басшылық және атқарушы органдарды сайлайды;
- қызметтің түрлі бағыттары бойынша комитеттер, комиссиялар және өзге де органдар құрады;
- басқа қоғамдық бірлестіктермен университетішілік деңгейден республикалық деңгейге дейін ынтымақтастық жасайды.

1.5 СП қалауы бойынша өз символикасына: ту, әнұран және логотипке ие болуға құқылы.

2 Белгілер мен қысқартулар

Осы стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

ҚарИУ – «Қарағанды индустриялық университеті» КЕАҚ;

ЖТ – жұмыс тобы;

ҰС – ұйым стандарты;

БТЕ – бөлімше туралы ереже;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

СЖБӨ – сапа жөніндегі басшылық өкілі;

СП – Студенттік Парламент;

ТЖЖЖСД – Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті.

3 Миссия, мақсат және міндеттер

Миссия

Студент жастар арасында парламентаризм мен демократия идеяларын дамыту, олардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, болашақ маманның үйлесімді тұлғасын тәрбиелеу.

Мақсаты

Студент жастардың әлеуметтік, зияткерлік, шығармашылық, рухани, экономикалық мүдделерін қанағаттандыру және олардың қоғамдық өмірдің түрлі салаларында еркін дамуы үшін қолайлы жағдайлар мен ортаны қалыптастыру, олардың әлеуетін ашу және жүзеге асыру, құқықтары мен міндеттерін толық көлемде іске асыра алатын ҚарИУ студенттерінің жасампаз, патриоттық, азаматтық және іскерлік белсенділігін қолдау.

Міндеттер

1. Студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.
2. Университет әкімшілігі студенттердің құқықтары мен мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдаған кезде ҚарИУ студенттерінің атынан өкілдік ету.
3. Студенттердің әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысу және оларды мониторингтеу.
4. Студенттердің рухани, адамгершілік және дене жағынан дамуына бағытталған бастамаларды ұсыну және қолдау.
5. Студент жастарының мәдени және бос уақытқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған түрлі бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру, мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.
6. Студенттердің терең кәсіби білім алуына жәрдемдесу, оларды ғылыми қызметке тарту.
7. Университеттегі өмірдің түрлі мәселелері бойынша студенттердің ақпараттық қамтамасыз етілуіне жәрдемдесу.
8. Студенттердің материалдық және тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін жағдай жасауға, олардың әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге ықпал ету.
9. ҚарИУ-дағы жастар саясатын іске асыру және Студенттік Парламенттің қызметі жөніндегі пікірлерді зерделеу.
10. Қоғамдық ұйымдармен және басқа оқу орындарының студенттік ұжымдарымен ынтымақтастықты дамыту.
11. Университетте студенттік өзін-өзі басқарудың тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ете алатын студенттік активті қалыптастыру.

4 Студенттік Парламенттің қызметінің негізгі қағидаттары

4.1 Өз қызметінде Студенттік Парламент (СП) келесі қағидаттарды

басшылыққа алады:

- тең құқықтылық;
- ұйымның әрбір мүшесінің мүддесін, қадір-қасиетін және пікірін құрметтеу;
- пікірталас еркіндігі;
- әр оқу тобынан тең өкілдік және ҚарИУ студенттерінің іс-әрекеттерін үйлестіру;
- көпшілік пен азшылықтың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу;
- жұмыстағы ұжымдылық, шешім қабылдаудағы әріптестік, қабылданған шешімдердің орындалуына ортақ және жеке жауапкершілік.

4.2 Әрбір СП мүшесі өзі қатысқысы келетін немесе ұйымдастырғысы келетін іс-шаралар мен бағдарламалар шеңберін дербес анықтауға құқылы.

4.3 СП мүшелері арасындағы қатынастардың қағидалары болып табылады: өзара түсіністік, достық, өзара қолдау, сондай-ақ ұйымның және ҚарИУ «Студенттік Парламенті» мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекет жасайтын мүшелердің іс-әрекеттеріне сыни көзқарас.

5 Студенттік Парламенттің құзыреті

СП құзыретіне мыналар жатады:

- университетте жастар саясатын жүзеге асыру саласында ҚарИУ әкімшілігі әзірлейтін жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауға қатысу және олардың орындалу барысы туралы басшылық өкілдерінен ақпарат алу;
- ҚарИУ әкімшілігіне жүгінулер дайындау және университет студенттерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар енгізу;
- СП миссиясына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Өз қарауына жататын мәселелер бойынша СП ҚарИУ әкімшілігі үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдер қабылдауға құқылы.

6 Студенттік Парламентті сайлау тәртібі және басқару құрылымы

6.1 СП мүшелері 18 жасқа толған бакалавриат студенттерінің арасынан тікелей құпия дауыс беру арқылы сайланады. Студенттік Парламентке кандидаттар тізімі факультеттердің жалпы жиналысында қалыптасады. Студенттік Парламентке сайлау факультет декандарының орынбасарлары арқылы ұйымдастырылады. Әр факультет Студенттік Парламентке 2-ден 4-ке дейін кандидат ұсынады.

6.2 СП басшысы (Президент) құпия дауыс беру арқылы сайланады. Басшы өзінің өкілеттігін жаңа сайланған СП басшысы сайланғанға дейін жүзеге

асырады, СП жұмысына ұйымдастырады және оның органдарының қызметін үйлестіреді. Өз қызметінде университеттің Ғылыми кеңесіне, СП мүшелеріне және Президент ретінде сайлаушыларға есеп береді. Өкілеттіліктен кету жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады.

6.3 СП басшысының өкілеттіктері:

- ҚарИУ Студенттік Парламентін өз атынан ұсыну;
- СП-ны университеттің Ғылыми кеңесінде, барлық құрылымдық бөлімшелермен, қызметтермен, оқу топтарымен, ата-аналармен және басқа да мүдделі тұлғалармен катынаста ұсыну;
- СП қабылдаған шешімдерге қол қою;
- СП органдары мен факультеттердегі өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қызметін үйлестіру;
- СП тапсырмасы бойынша өзге де мәселелерді шешу.

6.4 Студенттік Парламенттің комитеттері.

Студенттік Парламент өз өкілеттілік мерзімі ішінде 5 мүшеден тұратын тұрақты комитеттерді қалыптастырады:

- оқу-тәрбиелік мәселелер бойынша;
- қоғамдық-саяси мәселелер бойынша;
- мәдени-бос уақыт мәселелері бойынша;
- спорттық-сауықтыру мәселелері бойынша;
- акпараттық және волонтерлік мәселелер бойынша.

6.5 Әр комитеттің мүшелер саны СП тарапынан дербес анықталады. Комитет мүшелері жетекшісін таңдайды, ал оның кандидатурасы кейін СП отырысында бекітіледі. Комитеттің отырысын Студенттік Кеңестің хатшысы жүргізеді, және таңдалған кандидат (студенттік клуб жетекшісі) ҚарИУ ресми әлеуметтік желілерінде жариялануы міндетті. Қажет болған жағдайда мәселе бірнеше комитеттің бірлескен отырысында қарастырылуы мүмкін.

6.5.1 СП мүшесі болуға университетте оқитын, осы Ережені мойындайтын және СП жұмысына қызығушылық танытқан кез келген студент өз еркімен құқылы.

6.5.1.1 СП мүшелігіне қабылдау жеке жазбаша немесе топтық өтініш арқылы Студенттік Парламент Президентіне беріледі. Мүшеліктен шығу жеке бастама бойынша немесе СП отырысында мүшелер шешімі арқылы жүзеге асырылады. Шешім қабылданған болып саналады, егер оны кворум бар жағдайда СП мүшелерінің көпшілігі колдаса.

6.5.1.2 Ұйымдағы мүшелік келесі жағдайларда сакталады:

- уақытша оқуын тоқтатқан, балаларын тәрбиелеуге байланысты;
- академиялық демалыста жүргендер үшін;
- университеттегі білім беру қызметін аяқтаған соң;
- өзге жағдайларда Студенттік Парламент шешімі бойынша.

6.6 Қажет болған жағдайда СП уақытша комиссиялар құру туралы шешім қабылдай алады.

7 Студенттік Парламенттің құқықтары

СП мынандай құқықтарға ие:

- өз қарауына жататын мәселелерді шешуге қатысу;
- тұрақты және уақытша комиссиялар, жұмыс топтарын құру, олардың құрамын өкілеттіліктің басталуынан аяқталуына дейін реттеу;
- өз қызметінің регламентін, жұмыс ережелері мен процедураларын белгілеу;
- отырыстарды ашық өткізу, егер Студенттік Парламент отырысында арнайы шешімбен басқаша көзделмесе;
- университет өміріне қатысты ережелерді, нұсқаулықтарды, регламенттерді, ескертпелерді талқылауға қатысу және ұсыныстар енгізу.

СП мүшелері өз сайлаушыларының өкілетті өкілдері болып табылады.

СП мүшесінің өкілеттігін басқа адамға беру мүмкін емес.

СП мүшесінің құқықтары:

- СП арқылы өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- СП қызметіне қатысу, оның ішінде шешімдер қабылдау, талқылау, орындауын бақылау және СП органдарының жұмысын қадағалау;
- СП органдарының қолында бар ақпаратты тегін алу және олардың құзыреті шегінде консультативтік көмек алу;
- сайлаушылары атынан студенттердің құқықтарының бұзылуын жоюға ұмтылу;
- СП, оның комитеттері мен комиссияларының жұмысына қатысу;
- кандидатураларды ұсыну (өзін қоса), СП жетекші сайланатын органдарында сайлану және сайлау, ұсынылған кандидатураларды насихаттау;
- студенттердің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына қатысты тергеу жүргізу жөнінде сұрау салу және ұсыныстар енгізу; сұрау салуға жауап талап ету;
- кеңестер мен СП Сессияларына делегат болу;
- СП отырысына немесе Сессиясына шығарылатын барлық мәселелерді еркін талқылау және дауыс беру, ұсыныстар мен балама жобалар енгізу, өз пікірін ашық білдіру және қорғау, СП кез келген органы мен ұйым мүшесіне сын айту.
- Өкілеттіліктен бас тарту туралы шешімді Студенттік Парламент мүшелерінің жалпы санының 2/3 дауысы қабылдайды.

8 Студенттік Парламенттің міндеттері

Барлық СП мүшелері міндетті:

- студенттердің санасын көтеру, өз білім деңгейіне талапшылдықтарын арттыру, ҚарИУ мүлкіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, оқу тәртібін және құқықтық тәртіпті нығайту, студенттердің азаматтық санасын көтеру, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу бағытында жұмыс жүргізу;

- студенттермен ҚарИУ жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша жұмыс жүргізу;
 - оқу қызметін ұйымдастыру мәселелерінде ҚарИУ басқару органдарына көмек көрсету;
 - студенттерден СП-ға келетін барлық өтініштер мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен уақытында қарау;
 - СП-ның Ережесі мен жұмыс жоспарына, сондай-ақ ЖІК мен ТЖЖЖСД-ның оқу жылына арналған жоспарларына сәйкес жұмыс жүргізу.
 - студенттердің әлеуметтік мәні бар бастамаларын қолдау;
 - студенттерге қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды, сондай-ақ оқу және демалу жағдайларын жасауға көмек көрсету;
 - студенттердің мүдделерін университет басқару органдары, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және басқа да ұйымдар мен мекемелер алдында ұсыну және қорғау;
 - өз қызметі туралы тиісті деңгейдегі университет басқару органдарын ақпараттандыру.
- СП Президенті міндетті:
- СП жұмысын ұйымдастыру;
- өзін-өзі басқару органдарының қызметін үйлестіру;
 - студенттік ұйымдардың қызметін жоспарлауға қатысу;
 - СП-ны кеңестерде, жиналыстарда, ректордың отырыстарында, Ғылыми Кеңес отырыстарында және т.б. таныстыру;
 - студенттік өзін-өзі басқару активінің ай сайынғы жалпы жиналыстарын ұйымдастыру;
 - СП отырыстарын ұйымдастыру және өткізу;
 - СП қызметі туралы студенттік қауымға және университеттің Ғылыми Кеңесіне есеп беру.
- СП Вице-президенті міндетті:
- Президенттің болмауы кезінде оның міндетін атқару;
 - Студенттердің оқу траекториясын бақылау, ай сайын қатысу және үлгерім туралы материалдар дайындау, төмен көрсеткіштері бар студенттерді тиісті комитет отырыстарына шақыруды ұйымдастыру;
 - Студенттік өзін-өзі басқару активінің ай сайынғы жалпы жиналыстарына қатысу, атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру және алдағы кезеңге жоспарларды таныстыру;
 - Студенттердің оқу корпустары, жатақханалар және қоғамдық тамақтану орындарындағы кезекшілік кестесін жасау, кезекшіліктің сапалы орындалуын бақылау;
 - Студенттік Парламенттің университет аумағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша студенттік құрылымдар жұмысына қатысуын ұйымдастыру;
 - Студенттік сенбіліктер және студент жастарды еңбекке тәрбиелеуге бағытталған басқа да іс-шараларды өткізу;

- Спорттық-сауықтыру секторларының қызметін үйлестіру;
- Студенттік деканаттардың мәдени-бос уақыт секторларының жетекшілерінің жұмысын үйлестіру, мәдени-бұқаралық іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыруға қатысу.
- Студенттердің конкурстарға, көрмелерге және басқа университеттік іс-шараларға қатысуға өтініштерін қабылдау және қарауға қатысу;
- Университетте әлеуметтік және патриоттық бағыттағы дәстүрлерді дамытуға және қолдауға жәрдемдесу;
- Студенттік өзін-өзі басқару органдарының ақпараттық секторлары мен «Қамкор» волонтер клубының қызметін үйлестіру;
- Университеттік іс-шараларды студенттік Медиа клуб арқылы фото- және бейнежазба жасауын қамтамасыз ету;
- Университеттің ресми сайтындағы «Студенттік парламент» бөліміндегі ақпараттың уақытылы жаңартылуын қадағалау;
- Оқушылардың волонтерлік, дебат және КВН қозғалысына қатысуын қолдау, әлеуметтік белсенділікті және студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруын қолдайтын қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру.

9 Студенттік Парламенттің жауапкершілігі

9.1 СП келесі бағытта бақылауды жүзеге асырады:

- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;
- өзімен құрылған органдардың және таңдалған жауапты тұлғалардың қызметін қадағалау.

9.2 Студенттермен және университет әкімшілігімен тұрақты өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, Студенттік Парламент мүшелерінің ұсыныстары мен сұраныстарын, студенттердің өтініштері мен шағымдарын қарайды.

9.3 Өз отырыстарын айына кемінде бір рет өткізеді. Тұрақты комитеттер айына кемінде екі рет жиналады.

9.4 СП отырысының күн тәртібін студенттердің, СП мүшелерінің және университет әкімшілігінің ұсыныстарына сәйкес қалыптастырады.

9.5 Жылына бір рет (оқу жылының басында) университет әкімшілігімен өткен оқу жылының қорытындылары және жаңа оқу жылындағы университеттің даму перспективалары туралы кездесу өткізеді.

9.6 СП мүшелерінің университет әкімшілігінің ашық отырыстары мен басқа іс-шараларға қатысу туралы шешім қабылдайды.

9.7 Қажет болған жағдайда, жоспарланған мәселелерді талқылау және шешім қабылдау үшін студенттерді, оқытушыларды, университет әкімшілігі қызметкерлерін отырыстарына шақырады.

9.8 Өз шешімдерін қаулы, үндеу және протест түрінде рәсімдейді.

9.9 СП шешімі университет әкімшілігі тарапынан вето қойылмаған жағдайда күшіне енеді. Вето енгізілген жағдайда, СП шешімі келесі отырыста қаралады және тыңдау ҚарИУ әкімшілігінің делегатталған өкілдері мен мүдделі тараптардың қатысуымен консенсусқа қол жеткізу мақсатында жүргізіледі.

10 Университеттің басқа бөлімшелерімен өзара қатынасы

СП университеттің басқару органдарымен, жастар ісі комитетімен және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттеседі.

11 Студенттік парламентті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

11.1 СП-ның өкілеттіктері келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша;
- СП мүшелерінің 50%-ы оқуын аяқтаған жағдайда;
- СП-ның өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған кезде.

11.2 СП мүшесі сенімсіз деп танылған жағдайда сайлаушылардың басым көпшілігінің бастамасымен қайтарылуы мүмкін. СП мүшесін қайтару туралы дауыс беру ұсынысы кемінде 30% сайлаушылардың бастамасымен енгізіледі. Қайтару ұсынысы қабылданған болып саналады, егер оған СП мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 дауыс берсе.

11.3 СП мүшесі жоқ факультеттерде сайлау өткізуді шешеді.

12 Қаржыландыру

12.1 СП қызметі ҚарИУ-дың бюджеттік емес қаражаттары есебінен, сапаны қамтамасыз ету және студенттік белсенділікті қолдау процесін қаржыландыруға арналған бөлінген қорды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

12.1.1 Қаржы студенттік шығармашылық байқауларды, салтанатты іс-шараларды («Білім күні», «Студенттерге қабылдау», «Мисс және Мистер ҚарИУ» және т.б.), марапаттау рәсімдерін («Үздік студент», «Үздік түлек» және т.б.), студенттік балдарды қаржыландыруға, сондай-ақ студенттердің олимпиадаларға, конференциялар мен жарыстарға қатысуына байланысты іс-сапарлық және көлік шығындарын өтеуге бөлінеді.

12.2 Қаражаттарды пайдалану университеттің есеп саясатына сәйкес жүргізіледі және ішкі аудит қызметінің бақылауында болады.

13 Өзгерістерді енгізу тәртібі

13.1 Аталған Ережеге өзгерістер тек Сапа жөніндегі басқарушы өкілінің рұқсатымен енгізілуі мүмкін және міндетті түрде оның қолымен құжаттық рәсімделеді. Ереженің ішкі тәртіп ережелерінің өзгертілген нұсқасынан шығарылған беттер өзгерістер енгізуге рұқсат туралы құжатпен бірге сақталады.

13.2 СМЖ ДП 01-2012 талаптарына сәйкес, ОУ СМЖ-ға тапсырылған түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс нұсқаларына өзгерістер енгізіледі.

13.3 Түпнұсқаға енгізілген өзгерістер туралы хабарламаларды сақтау үшін тапсырылған құжатқа тек Сапа жөніндегі басқарушы өкілі құқықты.

13.4 Ережеге өзгерістерді Сапа жөніндегі басқарушы өкілі енгізеді, міндетті түрде «Өзгерістерді тіркеу парағы» (Қосымша Г.) бойынша белгіленеді.

13.5 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс нұсқаларына өзгерістер енгізгені үшін стратегиялық даму бөлімі маманы жауапты болады.

14 Келісу, сақтау және тарату

14.1 Аталған ҚарИУ оқытушы-профессорлық құрамы мен қызметкерлерінің ішкі тәртіп ережелері Басқарма Төрағасы – Ректордың бекітуімен, оқытушылар мен басқа да қызметкерлердің пікірін ескере отырып, күшіне енеді.


14.2 Ережелер жаңа ережелер қабылданғанға дейін шектеусіз әрекет етеді. Аталған ережені келісу Сапа жөніндегі басқарушы өкілі, Стратегиялық даму бөлімінің басшысы, HR директоры, ИПЖДД директоры, Бас бухгалтер және Құқықтық қызмет басшысымен жүзеге асырылады.


14.3 Аталған Ереженің жобасының нормалық бақылауы СМЖ СО 1.01 талаптарына сәйкес жүргізіледі, бұл «Келісу парағында» (Қосымша Б) тіркеледі.

14.4 Оқытушы-профессорлық құрамы мен қызметкерлерге арналған ішкі тәртіп ережелерінің бекітілген нұскасын (түпнұскасын) СМЖ ОУ-ға сақтау үшін тапсыру жауапкершілігі Сапа жөніндегі басқарушы өкіліне жүктеледі. Есепке алынған жұмыс нұскаларын тарату Стратегиялық даму бөлімінің басшысы арқылы жүзеге асырылады.

14.5 Оқытушы-профессорлық құрамы мен қызметкерлерге арналған ішкі тәртіп ережелерінің есепке алынған жұмыс нұскасын сақтау жауапкершілігі Стратегиялық даму бөлімінің маманына жүктеледі.

Қосымша А. (Студенттік Парламенттің ұйымдастырушылық құрылымы)





Φ.1-03

Өзгерістерді тіркеу парағы

Запрещается несанкционированное копирование документа

Қосымша Д.
(міндетті)

Ф.1-04

Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы

Тексеру күні	Тексеруді орындаған адамның толық	Тексеруді орындаған адамның	Ескертулердің формулировкасы
1	2	3	4